

Тексерілді Джемір

Д.Ж.Тойшыбекова  
тәрбие ісі жөніндегі орынбасары  
« » 2021 ж.

Бекітемін  
Б.Н. Есмаганбетова  
мектеп-интернатының  
директорының мәдениет мактауы  
« » 2021 ж.



**Нұр-Сұлтан қаласы, дарынды балаларға арналған №2 облыстық  
мамандандырылған  
мектеп-интернаты кітапханасының  
2021-2022 оқу жылына арналған  
жылдық жұмыс жоспары**

**Нұр-Сұлтан қаласы, 2021**

## **КІТАПХАНА ЖҰМЫСЫНЫҢ МАҚСАТЫ:**

Білім және тәрбие беру үрдісінде оқушылардың ақпараттық, оқырмандық, рухани-адамгершілік мәдениеттің дамытуға ықпал ету, ақпараттық ресурстардың барлық түрлері мен деңгейлерін пайдалануға үйрету, кітапхананы пайдалануға дағдыландыру

## **ОҚУ ЖЫЛЫНДАҒЫ НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ:**

- Белгілі бір тақырыптарда ашық және тұрақты көрмелер үйымдастыру арқылы көркем әдебиеттер мен көмекші оқу құралдарын насиҳаттау жұмыстарын жүргізу;
- Кітапханаға келген жаңа оқырмандарды кітапхана ережелерімен таныстырып, қажетті ақпаратты жылдам, әрі ұқыпты іздеу жолдарын көрсетіп, олардың ақпараттық, оқырмандық мәдениеттің қалыптастыру, оқу-ақпараттық біліктегі мен дағдыларын дамыту;
- Оқырмандардың сұраныстарына сай қажетті ақпарат көздерін ұсыну, мерейтой иелері мен атаулы күндерге орай түрлі шаралар өткізу арқылы білім мен тәрбие берудің тиімділігін арттыру;
- Түрлі тақырыптарда мерекелік іс-шаралар, кітапхана сағаттарын, Нұр-Сұлтан қаласындағы мұражайларға, кітапханаларға саяхаттар үйымдастыра отырып оқушылардың танымдылық қабілеттері мен қызығушылықтарын дамыту, азаматтық, гуманистік патриоттық сана-сезімге тәрбиелеу;
- Жаңа кітаптарға тапсырыс беру, мерзімді басылымдарға жазылу арқылы кітапхананы ақпараттық материалдармен қамтамасыз ету;
- Кітап оқуға, әлемдік және ұлттық мәдениетке тарту арқылы баланы дамыту және оның өзін жетілдіруіне көмек көрсету;
- Пайдаланушыларға ақпаратты-кітапханалық қызмет көрсету: оқушылар мен педагогтерге қолда бар барлық оқу-әдістемелік және қосымша қолданыстағы немесе медиа ресурстармен тегін және еркін қолдану құқығын қамтамасыз ету;
- Жаңа ақпараттық технологияларды енгізу негізінде кітапхана ұсынған қызметтер номенклатурасын жетілдіру, кітапханадағы тыныштық пен тазалықты қадағалай отырып, оқушылар мен педагогтар үшін қолайлы оқу кітапханалық ортанды үйымдастыру;
- «Рухани жаңғыру: Болашаққа бағдар» бағдарламасын оқушылар арасында насиҳаттай отырып осы бағытта жұмыстар жүргізу

## **КІТАПХАНА ЖҰМЫСЫНЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ:**

- Балаларды адамгершілікке, әдептілікке, елжандылыққа тәрбиелеу жұмыстары, еңбек және экономикалық тәрбие
- Өлкетану жұмыстарын жүзеге асыру
- Эстетикалық, этикалық тәрбиені насиҳаттау
- Салауатты өмір салтын насиҳатау
- Оқырманды кітапханаға тарту жұмысын үйымдастыру: оқырмандар санын, кітап айналымының санын көбейту
- Оқу үрдісіне ақпараттық жәрдем беру.
- Қазақтың салт-дәстүрлерін насиҳаттау
- Атаулы күндерге арналған кітап көрмелерін үйымдастырып, іс-шаралар өткізу.

## Кітапханашының жылдық жұмыс жоспары

№	Бағыты	Тәрбиелік іс-шаралардың атауы	Жұмыс түрі	Сынып	Уақыт ы	Жауапты
1	- Балаларды адамгершіліке, әдептілікке, елжандылыққа тәрбиелеу жұмыстары, еңбек және экономикалық тәрбие. - Оқу үрдісіне ақпараттық жәрдем беру.	22 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдерінің күні  Оқуға құштар мектеп- оқуға құштар үлт.	Ақпараттық сафат  Көркем әдеби кітаптарды талдау	7 -сынып  7-10 сынып		Кітапхана шы  Клас с жетекшіл ері
2	- Оқу үрдісіне ақпараттық жәрдем беру. - Атаулы күндерге арналған кітап көрмелерін үйымдастырып, іс шаралар өткізу.	Қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогі, жазушы, эт нограff, фольклоршы, қоғам қайреткери Ы. Алтынсариннің туғанына-180 жыл  XX ғасырдағы аса ірі Мемлекет және қоғам қайраткері Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевқа – 110 жыл!	Ақпараттық сафат	7-сынып		Кітапхана шы, тәрбиеші
3	-Атаулы күндерге арналған кітап көрмелерін үйымдастырып, іс шаралар өткізу. -Балаларды адамгершілікке, әдептілікке, елжандылыққа тәрбиелеу жұмыстары, еңбек және экономикалық тәрбие	«Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне -30 жыл» КР. еңбегі сіңген режиссер-композитор Сарбазов Оралбек  Роза Бағланованың туғанына 100 жыл (1922 туғанына 90 жыл (1922-2011)  Жумагали Саинның туғанына 110 жыл (1912-1961)	Тәрбие сафаты  Кездесу кеші	7-сынып  8-10-сынып		Кітапхана шы

4	-Оку үрдісіне ақпараттық жәрдем беру -Атаулы күндерге арналған кітап көрмелерін ұйымдастырып, іс-шаралар өткізу.	1 желтоқсан ҚР тұнғыш президент күні Зейнолла Шуровтың туғанына 95 жас (1927-1970)	Көрме, ақпараттық сағат	8 -сынып		Кіта пхан ашы
5	-Балаларды адамгершілікке, әдептілікке, елжаңдылыққа тәрбиелеу жұмыстары, еңбек және экономикалық тәрбие -Оку үрдісіне ақпараттық жәрдем беру.	«Терроризм - бейбітшілік пен тұрақтылыққа төнген қауіп» (Діни экстремизм мен лаңкестіктің алдын алу)	Дәріс, Деректі фильм, арнайы қонақ	7-10 сынып	қазаннаның 3-ші аптасы	Кіта пхан ашы
6	-Атаулы күндерге арналған кітап көрмелерін ұйымдастырып, іс-шаралар өткізу. -Балаларды адамгершілікке, әдептілікке, елжандылыққа тәрбиелеу жұмыстары, еңбек және экономикалық тәрбие	Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу  Молдахмет Каназовтың туғанына 80 жас (1942)  Шаймердешжеттың туғанына 100 жас (1922-2007)	Дөңгелек үстел	9 - сынып		Кіта пхан ашы
	- Балаларды адамгершілікке, әдептілікке, елжандылыққа тәрбиелеу жұмыстары, еңбек және экономикалық тәрбие	Саяси күғын-сүргін курбандарын еске алу	Тәрбие сағаты	8-сынып		

7	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Атаулы күндерге арналған кітап көрмелерін ұйымдастырып, іс-шаралар өткізді.</li> <li>- Балаларды адамгершілікке, әдептілікке, елжандылыққа тәрбиелеу жұмыстары, еңбек және экономикалық тәрбие</li> </ul>	<p>Көрнекті қоғам және мемлекет қайреткери, ұлт-азаттық және Алаш жетекшісі, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайреткери Әлихан Бекейханның туғанына- 155 жыл</p>	<p>Кітапханалық сағат, көрме</p>	8 -сынып	қараша наң 2 – ші аптасы	Кітапханашы
8	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Оку үрдісіне ақпараттық жәрдем беру</li> <li>- Атаулы күндерге арналған кітап көрмелерін ұйымдастырып, іс-шаралар өткізу</li> </ul>	Құқық бұзушылықтың алдын алу	<p>Кітапханалық сағат, көрме</p>	7 -сынып	қараша наң 4-ші аптасы	Кітапханашы
9	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Балаларды адамгершілікке, әдептілікке, елжандылыққа тәрбиелеу жұмыстары, еңбек және экономикалық тәрбие</li> <li>- Оку үрдісіне ақпараттық жәрдем беру.</li> </ul>	Салауатты өмір салты (нашақорлық ЖИТС)	<p>ақпараттық сағат</p>	7-10 сынып	Желтоқсанның 1-ші аптасы	Кітапханашы

10	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Атаулы күндерге арналған кітап көрмелерін ұйымдастырып, іс-шаралар өткізу.</li> <li>- Балаларды адамгершілікке, әдептілікке, елжаңдылыққа тәрбиелеу жұмыстары, еңбек және экономикалық тәрбие</li> </ul>	Семей яролық полигонының жабылуына-30 жыл	ақпараттық сағат	7 –сынып	Желтоқсанның 2-ші аптасы	Кітапханашы
11	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Балаларды адамгершілікке, әдептілікке, елжаңдылыққа тәрбиелеу жұмыстары, еңбек және экономикалық тәрбие</li> <li>- Оқу үрдісіне ақпараттық жәрдем беру.</li> </ul>	«Желтоқсан желі»	«Желтоқсан желі» атты көрме, кітапханалық сағат	9- сынып	Желтоқсанның 3-ші аптасы	Кітапханашы
12	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Балаларды адамгершілікке, әдептілікке, елжандылыққа тәрбиелеу</li> <li>- Оқырманды кітапханаға тарту жұмысын ұйымдастыру: оқырмандар санын, кітап айналымының санын көбейту</li> </ul>	Ахмет Байтұрсынұлын ың туғанына-150 жыл.	ақпараттық сағат	9-сынып		Кітапханашы

	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Балаларды адамгершілікке, әдептілікке, елжандылыққа тәрбиелеу</li> <li>- Оқырманды кітапханаға тарту жұмысын үйімдастыру: оқырмандар санын, кітап айналымының санын көбейту</li> </ul>	<p>Қазақтың лирик ақыны Мұқағали Мақатаевтың туғанына-90 жыл</p> <p>Фабит Муореповтың туғанына 120 жыл (1902-1985)</p>	ақпаратты қ сағат	7- сынып		Кіта пхан ашы
	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Балаларды адамгершілікке, әдептілікке, елжандылыққа тәрбиелеу</li> </ul>					
13	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Балаларды адамгершілікке, әдептілікке, елжандылыққа тәрбиелеу</li> <li>- Оқырманды кітапханаға тарту жұмысын үйімдастыру: оқырмандар санын, кітап айналымының санын көбейту</li> </ul>	<p>Бірінші президент кітапханасына саяхат</p> <p>Сакен Сейфуллин мұражайына саяхат</p>		<p>7-сынып</p> <p>7-сынып</p>		Кіта пхан ашы, тәрб иеші
	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Балаларды адамгершілікке, әдептілікке, елжандылыққа тәрбиелеу</li> <li>- Оқырманды кітапханаға тарту жұмысын үйімдастыру: оқырмандар санын, кітап айналымының санын көбейту</li> </ul>	<p>Қазақ халық поэзиясының әйгілі тұлғасы ,өлең сөздің дүлдүлі ,жырау, жыршы Жамбыл Жабаевтың туғанына-175 жыл</p>	Көрме ақпаратты қ сагаты	8 -сынып		Кіта пхан ашы

14	- Балаларды адамгершілікке, әдептілікке, елжандылыққа тәрбиелеу	1 наурыз – Алғыс айту күні	Көрме ақпараттық сабаки	7 -сынып	наурыз дың 1-ші аптасы	Кіта пхан ашы
	- Балаларды адамгершілікке, әдептілікке, елжандылыққа тәрбиелеу - Оқырманды кітапханаға тарту жұмысын ұйымдастыру: оқырмандар санын, кітап айналымының санын көбейту					
15	- Қазақтың салт-дәстүрлерін насхаттау	«Армысың - Әз Наурыз» (21-22 наурыз)	Тематикалық көрме, папка дайындау	9-сынып	наурыз дың 3-ші аптасы	Кіта пхан ашы
16	-Оқу үрдісіне ақпараттық жәрдем беру Атаулы күндерге арналған кітап көрмелерін ұйымдастырып, іс-шаралар өткізу.	Көрнекті этнограф, жазу шы, әдебиеттан ушы ғалым, қоғам қайраткері Ақселеу Сейдімбектің туғанына-80 жыл	Ақпараттық сабак	7- сынып		Кіта пхан ашы

17	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Атаулы күндерге арналған кітап көрмелерін ұйымдастырып, іс-шаралар өткізу.</li> <li>Оқырманды кітапханаға тарту жұмысын ұйымдастыру:</li> <li>оқырмандар санын, кітап айналымының санын көбейту</li> </ul>	«Кітап — рухани қазына» (23 сәуір халықаралық кітап күні)	Дүниежүз ілік кітап және авторлық күқық күніне орай әмбебап ғылыми кітапханаға саяхат	8-сынып		Kita phan ashi
18	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Атаулы күндерге арналған кітап көрмелерін ұйымдастырып, іс-шаралар өткізу.</li> <li>- Эстетикалық, этикалық тәрбиені насхаттау</li> <li>- Өлкетану жұмыстарын жүзеге асыру</li> </ul>	Тарихи және сәулет ескерткіштерінің халықаралық күні	тарихи-өлкетану мұражайы на саяхат	7-сынып		Kita phan ashi

**Ескеरту:** Жоспарға өзгерістер енгізілуі мүмкін

### Жоспарға қосымша:

#### *Жыл бойы атқарылатын кітапхана ішілік ұйымдастыруышылық жұмыстар*

Жұмыстың мазмұны	Мерзімі	Жауапты
Жұмыс орнын дайындау.	Үнемі	Kітапханаши
Жаңа келген оқырмандарды кітапханаға тіркеу. Формулар ашу.	Тамыз - Қыркүйек	
Жаңадан келген оқулықтарды тіркеу, штамп басу.	Үнемі	
Кітапты оқырманға беруге дайындау, формулярга жазу.	Келген уақытына	
Күнделікті толтыру.	Үнемі	
Оқырманға қызмет корсету.	Күнде, ай сайы	

Кітапты ұқыпты ұстай туралы сыйнып сағаттында әңгіме өткізу.	Үнемі
Тозған кітаптарды кезінде түптең отыру, ескі жоғалған оқулықтарды қордан алу, акт жасау.	Қараша
Басылымдағы интернат туралы папканың ішін материалдармен толтыру.	Қараша-желтоқсан
Мектепте өтетін іс – шараларға және жиындарға қатысу.	Үнемі
Тұрақты көрмелерді жаңа кітаптармен толтыру.	Үнемі
Тазалық күнін өткізу	Келген уақытына қарай
Мерзімді басылымдарға жазылу	Жылына екі рет

**Нұр-Сұлтан қаласы, дарынды балаларға арналған  
№2 облыстық мамандандырылған  
мектеп-интернаты кітапханасының  
2021-2022 оқу жылы бойынша атқарылған жұмыстардың  
Жылдық Есебі**

**Нұр-Сұлтан қаласы, 2022**

Мектеп – интернат кітапханасы 2021-2022 оқу жылына арналған жылдық жоспарына негізінде өз жұмысын жүзеге асырды. Кітапхана жұмысының мақсаты бойынша білім және тәрбие беру үрдісінде оқушылардың ақпараттық, оқырмандық, рухани-адамгершілік мәдениетін дамытуға ықпал ету, ақпараттық ресурстардың барлық турлери мен деңгейлерін пайдалануға үйрету, кітапхананы пайдалануға дағылдандыруды іске асыру мақсаты мен міндеттері осы оқу жылында да жүзеге асырылды.

Оқу жылына арналған негізгі міндеттер бойынша жұмыстар белгілі бір тақырыптарда ашық және тұрақты көрмелер ұйымдастыру арқылы көркем әдебиеттер мен көмекші оқу құралдарын насиҳаттау жұмыстары, кітапханаға келген жаңа оқырмандарды кітапхана ережелерімен таныстырып, қажетті ақпаратты жылдам, әрі ұқыпты іздеу жолдарын көрсетіп, олардың ақпараттық, оқырмандық мәдениетін қалыптастыру, оқу-ақпараттық біліктегі мен дағдыларын дамыту, оқырмандардың сұраныстарына сай қажетті ақпарат көздерін ұсыну, мерейтой иелері мен атаулы құндерге орай түрлі шаралар өткізу арқылы білім мен тәрбие берудің тиімділігін арттыру, түрлі тақырыптарда мерекелік іс-шаралар, кітапхана сағаттарын, Нұр-Сұлтан қаласындағы мұражайларға, кітапханаларға саяхаттар ұйымдастыра отырып оқушылардың танымдылық қабілеттері мен қызығушылықтарын дамыту, азаматтық, гуманистік патриоттық сана-сезімге тәрбиелеу бойынша іс шаралары өткізілді.

Жаңа кітаптарға тапсырыс беру, мерзімді басылымдарға жазылу арқылы кітапхананы ақпараттық материалдармен қамтамасыз ету бойынша жұмыстар жасалды. Ағымдағы жылы 3000 (үш) мың кітапқа шығыстау жасалып (списания), 3000 (үш) мың кітап шығыстауға дайын түр.

Кітап оқуға, әлемдік және ұлттық мәдениетке тарту арқылы баланы дамыту және оның өзін жетілдіруіне көмек көрсетілді. Пайдаланушыларға ақпараттық-кітапханалық қызмет көрсету: оқушылар мен педагогтерге қолда бар барлық оқу-әдістемелік және қосымша қолданыстағы немесе медиа ресурстармен тегін және еркін қолдану құқығымен қамтамасыз етілді.

Жаңа ақпараттық технологияларды енгізу негізінде кітапхана ұсынған қызметтер номенклатурасын жетілдіру, кітапханадағы тыныштық пен тазалықты қадағалай отырып, оқушылар мен педагогтар үшін қолайлы оқу кітапханалық ортаны ұйымдастыру жұмыстары іске асырылды.

«Рухани жаңғыру: Болашаққа бағдар» бағдарламасын оқушылар арасында насиҳаттай отырып осы бағытта жұмыстар жүргізілді.

**КІТАПХАНА ЖҰМЫСЫНЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ:** балаларды адамгершілікке, әдептілікке, елжандылыққа тәрбиелеу жұмыстары, еңбек және экономикалық тәрбие беру, өлкетану жұмыстарын жүзеге асыру, эстетикалық, этикалық тәрбиені насиҳаттау, салауатты өмір салтын насиҳаттау, оқырманды кітапханаға тарту жұмысын ұйымдастыру: оқырмандар санын, кітап айналымының санын көбейту, оқу үрдісіне ақпараттық жәрдем беру, қазақтың салт-дәстүрлерін насиҳаттау, атаулы құндерге арналған кітап көрмелерін ұйымдастырып, іс-шаралар өткізу бойынша іс шаралар толықтай жүргізілді.

Балаларды адамгершілікке, әдептілікке, елжандылыққа тәрбиелеу жұмыстары, еңбек және экономикалық тәрбие және оқу үрдісіне ақпараттық жәрдем беру

мақсатында 22 қыркүйек –Қазақстан халқы тілдерінің күніне орай «*Оқуға құштар мектеп- оқуға құштар ұлт*» атты 7- 10 сынып оқушыларына ақпараттық сағат, көркем әдеби кітаптарды талдау жұмыстары сынып жеткешілерімен бірлесе отырып жүргізілді.

Оку үрдісіне ақпараттық жәрдем беру, атаулы күндерге арналған кітап көрмелерін ұйымдастырып, іс шаралар өткізу мақсатында қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогі, жазушы, этнограф, фольклоршы, қоғам қайраткері **Ы.Алтынсариннің туганына-180 жыл**, XX ғасырдағы аса ірі Мемлекет және қоғам қайраткері **Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевқа – 110 жыл** толуына орай 7 сынып оқушыларына ақпараттық сағат тәрбиешілермен бірлесе отырып өткізілді. Атаулы күндерге арналған кітап көрмелерін ұйымдастырып, іс-шаралар өткізу, балаларды адамгершілікке, әдептілікке, елжа ндылыққа тәрбиелеу жұмыстары, еңбек және экономикалық тәрбие беру мақсатында **«Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне -30 жыл»** орай 7 сынып оқушыларына тәрбие сағаты, **ҚР.еңбегі сіңген режиссер-композитор Сарбазов Оралбек, Роза Багланованың туганына 100 жыл (1922 туганына 90 жыл (1922-2011), Жумагали Саинның туганына 110 жыл (1912-1961) толуына** орай 8-11 сынып оқушыларымен кездесу кеші өткізілді.

1 желтоқсан ҚР тұңғыш президент күні, Зейнолла Шуровтың туганына 95 жас (1927-1970) орай 8 сынып оқушыларына көрме, ақпараттық сағат, қазан айының үшінші аптасында **«Терроризм - бейбітшілік пен тұрақтылыққа төнген қауіп»** (Діни экстремизм мен лаңқестіктің алдын алу) бойынша 7-10 сынып оқушыларына деректі фильм, дәрістер және **Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, Молдахмет Каназовтың туганына 80 жас (1942), Шаймерденовтың туганына 100 жас (1922-2007)** орай 9 сынып оқушыларымен дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

Балаларды адамгершілікке, әдептілікке, елжандылыққа тәрбиелеу жұмыстары, еңбек және экономикалық тәрбие беру мақсатында **«Саяси күгін-сүргін құрбандарын еске алу»** тақырыбында 8 сынып оқушыларына тәрбие сағаты өткізілді.

Қараша айының екінші аптасында көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, ұлт-азаттық және Алаш жетекшісі, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері **Әлихан Бекейханның туганына- 155 жыл** толуына орай 8 сынып оқушыларына кітапханалық сағат, көрме ұйымдастырылды.

Оку үрдісіне ақпараттық жәрдем беру, атаулы күндерге арналған кітап көрмелерін ұйымдастырып, іс-шаралар өткізу мақсатында желтоқсан айынының бірінші аптасында **«Құқық бұзушылықтың алдын алу», «Салауатты өмір салты (нашақорлық ЖИТС)»** тақырыптарында 7-10 сынып оқушылармен кітапханалық сағат, көрме, ақпараттық сағат өткізілді.

**«Семей яролық полигонының жабылуына-30 жыл», «Ахмет Байтұрсынұлының туганына-150 жыл», Қазақтың лирик ақыны **Мұқагали Мақатаевтың туганына-90 жыл, Габит Мусіреповтың туганына 120 жыл (1902-1985)** толуына орай 7, 9 сынып оқушыларына ақпараттық сағаттар өткізілді.**

Желтоқсан айының үшінші аптасында 9 сынып оқушыларына **«Желтоқсан желі»** атты көрме, кітапханалық сағат ұйымдастырылды.

Оқырманды кітапханаға тарту жұмысын ұйымдастыру, оқырмандар санын көбейту мақсатында 7 сынып оқушылары *Бірінші президент кітапханасына, Сакен Сейфуллин мұражайына саяхат* жасады.

Қазақ халық поэзиясының әйгілі тұлғасы, өлең сөздің дүлдүлі, жырау, жыршы *Жамбыл Жабаевтың туганына-175 жыл* толуына орай 8 сынып оқушыларына көрме, ақпараттық сағат ұйымдастырылды.

Наурыз айында 7,9 сынып оқушыларына «*1 наурыз – Алғыс айту күні*», «*Армысың - Әз Наурыз* (21-22 наурыз) меркелері қарсаңында тақырыптық көрмелер мен ақпараттық сағаттар өтті.

Атаулы күндерге арналған кітап көрмелерін ұйымдастырып, іс-шаралар өткізу мақсатында көрнекті этнограф, жазушы, әдебиеттанушы ғалым, қоғам қайраткері Ақселеу *Сейдімбектің туганына-80 жыл* толуына орай 7 сынып оқушыларына ақпараттық сағат өткізілді.

«*Kіtan — рухани қазына*» (23 сәуір халықаралық кітап күні) дүниежүзілік кітап және авторлық құқық күніне орай 8 сынып оқушыларына әмбебап ғылыми кітапханаға, «*Тарихи және сәулет ескерткіштерінің халықаралық күніне*» орай 7 сынып оқушыларына тарихи-өлкетану мұражайына саяхат ұйымдастырылды.

Оку жылышында оқушыларға оқулықтар уақытылы беріліп, жыл соңында толықтай қайта жинақталды.

Кітапхана жұмысы бойынша 2021-2022 оку жылышына жасалған жоспар толығымен орындалды.

**Кітапхана менгерушісі: Тоқсабаева Н.М**

## **2021-2022 оқу жылының мектеп кітапханасының жұмысын талдауы**

Кітапхана 2021/2022 оқу жылы ішінде мектептің оқу-тәрбие жұмысының жоспарына, кітапхана жұмысының жоспарына сәйкес жұмысты жүзеге асырды:

- мектеп алдына қойылған міндеттерді шешуге жәрдемдесті;
- мектеп кітапханасын білім беру мекемесінің ақпараттық-білім беру орталығы ретінде қалыптастыруға ықпал етті;

### **Мектеп кітапханасы 2021/2022 оқу жылында келесі міндеттермен жұмыс істеді:**

- Оқушылардың өз Отанына деген құндылық көзқарасына негізделген және азамат пен патриоттың әлеуметтік рөлін орындауға дайындығын қалыптастыруға бағытталған белсенді азаматтық және жеке ұстанымын қалыптастыру;
- Кітапханашының кәсіби қызметіне ақпараттық технологияларды енгізу.

Мектеп кітапханасы оқу жылында мектеп бағдарламаларына көмектесу әдебиеті мен методикасына назар аударды. Сондай-ақ, ол балалардың оқу әдетін, бүкіл оқу кезеңінде кітапхананы пайдалану қажеттілігін дамытып, қолдады.

Мектеп кітапханасы-біздің оқушылар үшін алғашқы ақпараттық орталық. Дәл осы жерде өз бетінше іздеу, алынған ақпаратты сыни бағалау, әртүрлі көздерден алынған ақпаратты салыстыру дағдылары алынады. Оқу жылы ішінде жоспарға өзгерістер мен толықтырулар енгізілді, бұл негізінен мерзімін, уақытын ауыстыруға немесе бұрын жоспарланбаған іс-шараларды өткізуге байланысты болды.

### **2021/2022 оқу жылындағы кітапхана жұмысының негізгі көрсеткіштері:**

Кітапхананың негізгі қоры (01.01.2022 ж.) – 8329 дана.

Оқырмандар саны - 187 (100%)

### **Кітапхана қорымен жұмыс:**

Кітапхана қорымен жұмыс оқу жылы бойы жүргізіледі. Қормен жұмыс істеу кезінде есепке алууды қамтамасыз ету үшін кітапханада мынадай құжаттама жүргізіледі:

- Қордың жиынтық есебі кітабы;
- оқулықтардың құрылымы;
- түгендеу кітабы;
- "есептен шығару актілері" папкасы;
- сыныптар бойынша оқулықтар беруді есепке алу журналы.

Мұғалімдерді кітаптардың жаңа түсімдерімен таныстыру үшін жаңа әдебиеттердің ақпараттық тізімдері рәсімделеді. Кітаптардың түсуіне қарай кітапханада "жаңа оқулықтар" сөресі рәсімделеді. 1 қыркүйекке дейін мектептің барлық оқушылары оқулықтармен қамтамасыз етілді.

Кітапхананың мерзімді басылымдары өткен жылдың деңгейінде қалып отыр, дегенмен бұл оқушылар мен мұғалімдер арасында үлкен сұранысқа ие газеттер мен журналдар. Жас оқушылар арасында "Мөлдір бұлак" және "Балапан әлемі" журналдары, "Білімді ел" газеттері ерекше танымал.

Кітап қорының сақталуын қамтамасыз ету үшін оқырмандардың формулярлары үнемі тексеріліп тұрады. Жеке жұмыс жүргізілетін борышкерлердің тізімдері жасалады. Нәтижесінде әдебиеттің едәуір бөлігі кітапханаға қайтарылды. Жыл бойы оқулықтарды сақтау бойынша рейтер үнемі жүргізіліп отырды. Оку жылдың соңында оқулықтар құрастырылған кесте бойынша кітапханаға тапсырылады, жоғалған оқулықтар жоқ. Оқулықтардың сақталуының алдын алу мақсатында кітапханашы абонементте оқушылармен, ал сынның жетекшілерімен мектептің педагогикалық кеңестерінде әңгімелесулер өткізеді.

### **Оқырмандармен жұмыс. Жаппай жұмыс:**

Кітапхана жұмысында балаларды кітапқа тартудың, окуға деген қызығушылықты арттырудың әртүрлі формалары мен әдістері қолданылды.

Жыл басында "біздің балалар не оқиды" атты зерттеу жүргізілді. Ата - аналардың, мұғалімдердің, кітапханашының бақылаулары қазіргі балалардың 5-10 жыл бүрынғы құрдастарына қарағанда аз оқи бастағанын көрсетеді. Окуға деген қызығушылықтың тәмен себебі-теледидарға, компьютерлік ойындарға, интернетке деген құштарлық. Балалар негізінен бағдарлама бойынша әдебиеттерді, шытырман оқигалы әдебиеттерді оқиды.

Бұл жұмыстағы маңызды формалардың бірі-бұқаралық іс-шаралар, өйткені сабактан тыс іс-шараларда балалармен тікелей қарым-қатынас жүреді. Бұл шолулар, әдеби ойындар, викториналар, мерекелер, конкурстар және т.б. әдебиеттерге шолу жасалды.

Кітапхана өткізген барлық іс-шаралар патриоттық, адамгершілік, эстетикалық тәрбиеге ықпал ететін және кітап пен оқудың тартымды бейнесін қалыптастыратын оқушыларға әдеби, тарихи білім беруге бағытталған.

Кітапхана қызметінің маңызды бағыты қорды көрмелер арқылы ашу болып табылады. Кітапханада мерейтойлық және айтулы күндерге, сондай-ақ түрлі айлықтарға арналған түрлі көрмелер рәсімделеді. Сондай-ақ, "Тоқтар Әубекіровтің алғашқы ұшына 30 жыл", "Ы Алтынсаринның туғанына 180 жыл" сондай ақ тұрақты жұмыс істейтін кітап көрмелері бар.", "Республика күні", "Куанышпен оқимыз". "Соғыс жолдары – Женіс жолдары" және т. б.

Орыс және шетел жазушылар Ф.М. Достовеский, Н.А. Некрасов, Н. М. Карамзин, В.П. Катаевтың мерейтойларына. Г. Распутин, К.и. Чуковский, В. М. Гюго және басқа жазушылар тақырыптық сөрелер мен кітап көрмелерін үнемі безендіріп отырды.

Күнтізбелік күндерге арналған көрмелер циклдері ең маңызды және сәтті болды: "Білім нұры", "Ұлттық валюта күні", "Рахмет, мұғалім", "Кітап әлемі қандай әдемі", "Отан туралы, батылдық туралы, даңқ туралы".

"Соғыс жолдары-Женіс жолдары!».

"Окуға құштар мектеп" жобасы бойынша іс-шара тек кітапхана қабырғасында және мектеп сынныптарындаған емес, оқушылардың ата – аналарымен де өткізіледі ойындар, конкурстар, викториналар: "кітапхана, кітап, мен, бірге тату отбасымын" 7-8 сынныптар, "Кітапхана – біздің кітап үйіміз" 7 сынныптар, "Бірге оку қызықты" 7-8 сынныптар, "Біз бүкіл Отбасымызбен оқимыз" 8-9 сынныптар.

Сондай-ақ, сынныптарда аптасына бір рет "20 минут дауыстап оку" өткізіледі.

Ұлы Женіс күніне орай оқушылардың барлық санаттарына арналған "Соғыс туралы кітаптарды оқыңыз" кітапхана сағаты, сондай-ақ "Есте сақтау қорқынышты, ұмытпау керек" еске алу және қайғы сағаты өткізілді. "Ешқашан ұмытпайық", "Блокада" және Жамбыл Жабаевтың кітабынан үзінділер оқылды.

### **Топтық және жаппай қызмет көрсетудің негізгі формалары:**

- кітап көрмелері, жаңа әдебиеттерді ашық қарау, кітап шолулары және т.б. кітап көрмелерінің тақырыбы әр түрлі болды, олардың көмегімен кітапхана қоры кеңінен ашылды. Ағымдағы оқу жылында кітапханаға келушілер танысқан 9-дан астам көрмелер мен тақырыптық сөрелер рәсімделді. Көрме формалары әр түрлі болды: шақыру көрмесі, мерейтойлық күндерге арналған көрмелер, жаңа көрме, викторина көрмесі. Кітап көрмелері мектептің жұмыс жоспарына сәйкес рәсімделді. Сондай-ақ, мектепте "Букроссинг" кітап бұрышы безендірілген, онда оқушылар мен мұғалімдер өздеріне ұнайтын кітапты алады, содан кейін басқаларға ұсынады, әңгімелейді және кітап алмасады.

Оқырман формулярлырын талдау қорытындысы бойынша 2021/2022 оқу жылында ең белсенді оқырмандар анықталды. Бұл негізінен 7-8 сынып оқушылары, сонымен қатар 9 сынып оқушылары.

Оқушыларды кітапханаға тарту мақсатында мектеп кітапханасына, ауылдық кітапханаға экскурсиялар өткізілді, ауыл кітапханасымен мектеп кітапханасы тығыз жұмыс істейді. Бірінші сынып оқушылары арасында кітапхананы пайдалану ережелері туралы экскурсиялар мен әңгімелер өткізілді.

Оқушылардың оқу формулярларын талдау негізінде кітапхана сынып жетекшілерімен бірлесіп, кітапханаға сирек баратын оқушыларды оқуға тарту бойынша сыныптарда жұмыс жүргізді.

### **Анықтамалық-библиографиялық, ақпараттық жұмыс:**

Мектеп кітапханасы компьютерлермен жабдықталған, бұл кітапхана қызметінде жаңа ақпараттық технологияларды қолдануға мүмкіндік береді. Оқушылар дәстүрлі емес ақпарат құралдарында жиналған ақпаратты пайдалануға мүмкіндік алды. Компьютерлік технологиялар оқулықтар қорына тапсырыс беру және есеп беру үшін пайдаланылды; кітапхана қызметін талдау. Әр түрлі пәндер бойынша нұсқаулық-әдістемелік хаттар, сондай-ақ емтихандарға дайындалу және кәсіптік бағдар беру материалдарының тандау жасалды. Кітапханада шағын мектеп кітапханасы бар.

### **Кәсіби деңгейін арттыру:**

Аудан кітапханашыларының ӘБ отырысына қатысу, арнайы әдістемелік әдебиеттерді зерделеу, семинарларға қатысу, әрілтестердің жұмыс тәжірибесімен танысу.

### **Қорытынды:**

2021/2022 оқу жылында кітапханада оқырманмен жұмыс істеудің әртүрлі формалары мен әдістері қолданылды-бұл әдеби викториналар, батылдық сабактары, пікірталастар, әңгімелер, оқулар және т. б.

Жыл бойы мұғалімдерге, сынып жетекшілеріне бұқаралық іс-шараларды, сынып сағаттарын, пәндік апталарды өткізуге көмек көрсетілді. Әдебиеттер таңдалды, кітап көрмелері жасалды. Мектеп кітапханасы оқушыларға үнемі өзін-өзі тәрбиелу қажеттілігін сіңірді, жауапкершілікті тәрбиеледі, мектеп бағдарламаларына көмектесу үшін әдебиеттерді насиҳаттауға назар аударды.

Кітапханада 2022/2023 оқу жылында жұмыс істеу қажеттілігін анықтады.

Негізгі проблемалар анықталды: қазіргі заманғы балалар әдебиеті, танымдық әдебиет, салауатты өмір салты, Мамандық таңдау, бастауыш және орта мектеп жасына арналған спорт және қазақ тіліндегі көркем әдебиет жеткіліксіз. Кітапхана қоры анықтамалық, әдістемелік әдебиеттермен, электронды оқыту құралдарымен жеткіліксіз толықтырылуда.

**2021/2022 оқу жылындағы мектеп кітапханасының жұмысын талдай отырып, келесі қорытынды жасауға болады:**

Осы оқу жылына қойылған негізгі міндеттер орындалды. Мектеп кітапханасы жыл бойы мұғалімдерге, сынып жетекшілеріне бұқаралық іс-шараларды өткізуге көмек көрсетті. Әдебиеттерді, сценарийлерді, өлеңдерді таңдауға көмек көрсетілді; кітап көрмелері рәсімделді. Кітапхана кітап пен оқуды насиҳаттау бойынша жұмыс жүргізді, оқырман активімен жұмыс жасады, сонымен қатар кітапхана пайдаланушыларына ақпаратты әртүрлі ақпарат құралдарында қолдануға үйретті.

Мектеп кітапханасының менгерушісі



Токсабаева Н.М

**«Оқуға құштар мектеп»**  
**жобасы бойынша мектеп-интернатта атқаратын**  
**іс-шаралар жоспары.**

**Мазмұны**

**1. Бөлім 1.Жобаның ақпараттық картасы**

**2. Бөлім 2. Жобаның мазмұны**

1.1. Жоба бастамаларының негіздері

1.2. "Оқуға құштар мектеп" жобасының өзектілігі

1.3. "Оқуға құштар мектеп" жобасының мақсаты

1.4. Жобаның міндеттері

1.5. "Оқуға құштар мектеп" жобасын іске асыру

- Оқушылардың оқу белсенділігін үйымдастыру:

- Отбасылық оқу -ұрпақтың рухани байланысы: отбасылық оқудың үздік дәстүрлерін жаңғырту;

- Мұғалімдермен жұмыс:

- Оқуды БАҚ пен әлеуметтік желілерде орналастыру.

**Бөлім 2. Жобаның мазмұны**

<b>2.1. Жоба бастамаларының негіздері</b>	- Мемлекет басшысы Қ. К. Токаевтың 2020 жылғы 21 қазандығы ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің IV отырысында берген тапсырмасы - 2022-2023 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хат
<b>2.2. Өзектілігі</b>	"Оқуға құштар мектебі" жобасы балалар окуяның қазіргі дағдарысының басты мәселесі – әлсіз оқу ортасын шешуге бағытталған: Оқу - бұл күрделі интеллектуалды процесс, онсыз өмір бойы оқу мүмкін емес. Оқу-тұлғаны қалыптастыру мен дамытудың маңызды факторы.
<b>2.3. Мақсаты</b>	Оқушылардың мәдени және оқу құзыреттілігін дамыту, олардың оқу белсенділігінің өсуін арттыру, оқушылар, педагогтер, ата-анаlar арасында оқуды танымал ету үшін жағдай жасау.
<b>2.4. Міндеттері</b>	- "Оқуға құштар мектебі" жобасына қатысуар қылыш балалар мен жасөспірімдер окуяның мәдениетін дамыту және сақтау; - отбасылық оқуды насихаттау;
<b>2.5. Жобаның жүзеге асырылуы</b>	"Мектеп-оқушы-ата-ана" "Оқуға құштар мектеп" жобасының жоспарын әзірлеу.

**"Оқуға құштар мектеп" жобасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары**

**1. Оқушылардың оқу белсенділігін үйымдастыру**

<b>№</b>	<b>Іс-шара</b>	<b>Мерзімі</b>	<b>Жауаптылар</b>
1	"Ең көп оқитын сынып" конкурсын өткізу	Жартышылдықта бір рет	Кітапханашы Сынып жетекшілер
2	"Мектептің үздік оқырманы" конкурсын өткізу	Ұдайы, корытындысы жыл сонында	Кітапханашы Сынып жетекшілері
3	«Мен ұсынатын кітап»	Тоқсанына бір рет	Сынып жетекшілері
4	<i>Сыныптан тыс іс-шара</i> <i>«Мен кітап оқуға құштармыйн</i>	Қыркүйек	Тәрбиешілер Кітапханашы
5	«Менің сүйікті кітабым» есселер конкурсы	Тоқсанына бір рет	Тіл мұғалімдері
6	TEDx, REDx конференциясы Көркем шығарма: буллингпен күрес жолдары. (отбасылық спикерлер)	Қараша	Сынып жетекшілері Кітапханашы
7	Көркем шығарма: қазақ салт-дәстүрлерінің көрініс табуы (отбасылық спикерлер)	Ақпан	Сынып жетекшілері
8	жас сынып жетекшілерімен	Ақпан	Кітапханашы
9	Мектеп:Кітапхана: Отбасы: Отбасылық оқу.	Ақпан	Сынып жетекшілер,тәрбиешілер
10	«Мектепке кітап сыйфіла» акциясы	Ақпан	Ата-аналар,сынып жетекшілер
11		Желтоқсан	
12	Сынып кабинеттерінде инсталляциялар мен оқу бұрыштарын құру	Жыл бойына	Кабинет мәнгерушілері Сынып жетекшілері
13	«Кітап сыйлау "акциясы	Жаңа жыл мерекесінің карсаңында (7-10 сұнып	Сынып жетекшілері
14	Оқырмандар конференцияларын өткізу	8-1 -тоқсан 10-2-тоқсан 11-3-тоқсан	Тіл мұғалімдері
15	Сүйікті кітаптар бойынша суреттер мен сәндік-қолданбалы өнер туындыларының көрмесі	Сәуір айы	Көркем еңбек мұғалімдері
16	«Оқырман күнделігін» жасау	Күнделікті	7-сыныптар 8-сыныптар
17	“Оқы және өзгеге ұсын” атты Bookcrossing кітап алмасу бойынша арнайы орындар үйымдастыру	Айдың соңғы алтасы	Сынып жетекшілері

**2. Отбасылық оқу -ұрпақтың рухани байланысы: отбасылық оқудың үздік дәстүрлерін жаңғырту**

<b>№</b>	<b>Іс-шара</b>	<b>Мерзімі</b>	<b>Жауаптылар</b>
----------	----------------	----------------	-------------------

1	- "Оқуға құштар мектеп" жобасы тақырыбы бойынша ата-аналар жиналысын өткізу: <b>№1</b> « <i>Кітап –балалар шығармашылығының қайнар көзі!</i> » ( <i>Кітап оқудағы тандем</i> )	1 -тоқсан	Сынып жетекшілері
2	<b>№3</b> <i>Кітаптың ақпараттық әлемдегі рөлі</i>	2 тоқсан	Сынып жетекшілері
	<b>№4</b> <i>Анықтамалық әдебиеттер: интернет немесе энциклопедия?</i>	3 тоқсан	Сынып жетекшілері
	<b>№5</b> <i>Сүйікті кітап күні</i>	4 тоқсан	Сынып жетекшілері
.3	Ата-аналар қолдауымен "Менің үйімдегі кітаптар" атты бейнероликтер мен балалар кітаптарының презентацияларын жасау	Қараша каникулында	7-8сыныштар
4	Көркем шығарма: буллингпен күрес жолдары. (отбасылық спикерлер)	Қараша	Газизов Г
4	Ата-аналарға арналған оқу сағаттарын өткізу " Балаларға қалай және не оқу керек?»	2-тоқсан	Психологтер Әдебиет мұғалімдері
5	«Анам мен экем маған кітап оқиды», «Анамның сүйікті кітабы», «Әкем оқыған кітап» конкурстарын өткізу	Тоқсанына бір рет 7-9 сынып	Сынып жетекшісі
6	Отбасылық кітап оқу	7-8 сынып -2 тоқсан 9-сынып-3 тоқсан 10-сынып- 4 тоқсан	Сынып жетекшісі мен ата-аналар комитеті

### 3.Мұғалімдермен жұмыс

№	Іс-шара	Мерзімі	Жауаптылар
---	---------	---------	------------

1	"Барлық пәндер арқылы оқу" - "Сөзгіс туралы балаларға оқимыз" (тарих)	2-тоқсан	Тарих пәні мұғалімдері
	"Географияны үйренеміз – классиканы оқимыз" (география)	3-тоқсан	География пәні мұғалімдері
	«Көркем шығармалар бойынша отан тарихының беттері» (әдебиет)	4-тоқсан	Қазақ әдебиеті мен орыс әдебиеті мұғалімдері
2	"Классиканы бірге оқимыз" атты тұрақты семинар өткізу	Жартыжылдықт а бір рет	Үш тіл мұғалімдері
3	Педагогтерге арналған әдеби қонақжай өткізу - О.Бекей «Атау кере»	Жартыжылдықт а бір рет қазан	Кітапханашы
4	Буккроссинг "Мұғалімнің үй кітапханасы" кабинеттегі пән мұғалімінің көркем әдебиет сөресін жабдықтау	Жыл бойы	Педагогикалық үжым Кітапханашы
5	Оқуды біліммен үштастыру мақсатында белсенді топ ұстаздары «Оқимыз – зерттейміз», «Оқимыз – сурет саламыз», «Оқимыз – тұжырымдаймыз», «Оқимыз – саңараймыз» кіріктірілген сабактар тізбегін даярлау	Жыл бойы	Үйірме жетекшілері

#### 4. Оқуды БАҚ пен әлеуметтік желілерде орналастыру

№	Іс-шара	Мерзімі	Жауаптылар
1	Барлық оқигаларды Instagram, Facebook-те үнемі жариялау	2021-2022 гг.	
----	Мектеп сайтында және әлеуметтік желілерде оқудың пайдасы туралы роликтер әзірлеу және орналастыру	---	
----	Республикалық және жергілікті БАҚ-та "Ең оқитын отбасы", "Бүкіл отбасымен оқитын кітаптар", "Отбасылық оқуға арналған кітаптарға шолу"айдарын жариялау.	---	